



2021-2022
жылдар




**“Сайрам” колледжі
кітапханасының
2021-2022 жылы
өткізілген іс-шаралары**


Парасаттылық шыңы-даналық



Парасаттылық шыңы-даналық




Парасаттылық – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік мағынасында қолданылады. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән. Көпті көрген, көп білетін мұндай адам сөйлейтін әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында парасатты адам бойында кездесетін асыл қасиеттердің біріне айналып, адамгершілік пен өнегелілік тұрғысынан жоғары бағаланған.



Дина Нұрпейісованың - 160 жылдығы



Дина Кенжеқызы Нұрпейісова
(1861, Бекетай құмы, Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы - 31 қаңтар 1955,
Алматы) – қазақтың әйгілі күйші композиторы,
Қазақстанның халық әртісі.



Дина Нүрпейісованың- 160 жылдығы



Дина Кеңес заманында да өзінің арман аңсарын, үміт тілегін халқының жолына бағыштап өтті. Жасының ұлғайғанына қарамастан Қазақстанның 20 жылдығына орай «Тойбастар», Отан соғысы жылдарында «Ана бұйрығы», «Жеңіс» сияқты күйлер шығарды. Рас, қоғамның репрессиялық қаталдығы туысқан жағымсыз саясат пен желбуаз идеология Динаның бұла дарынын қақпайлап бақты. Оны төлтума арқасынан (шабытынан) айырып, сіре ұраншылдықтың қолжаулығы етпек болды. Ол шығарған күйлерге «Еңбек ері», «Сауыншы», «Сталин», «Делегат», «Көкөніс» деп ат қойып, алаулатып жалаулатып, ресми салтанаттардың ұран күйіне айналдырды.

Тілдер мерекесі



Тілдер мерекесі


Қазақстан халқы тілдері күні — 5 қыркүйекте атап өтілетін мемлекеттік мереке. Тілдер күнін белгілеу үшін Қазақстан 20 жылдан астам уақыт бұрын ойлана бастады. Талқылаудың нәтижесі Қазақстан халықтарының тілдері күні деп аталатын мереке құру болды.

1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанда "Тілдер туралы" заң қабылданған. 1998 жылдың 20 қаңтарында ҚР президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен 22 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. 2017 жылы мереке күні өзгертілді. Содан бері 4 қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдері күні.

Көпұлтты елдің тұтастығын сақтау; қазақ тілін дамыту және тарату; жас ұрпақтың бойында өз халқының да, елде тұратын басқа ұлттардың да мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру.



Ұстаздар мерекесі



Ұстаздар мерекесі

Бұл сайын 100-ден астам мемлекетте 1994 жылдан бері қалыптасқан Дүниежүзілік мұғалімдер күні атап өтіледі. Бұл барлық мұғалімдердің, оқытушылар мен жалпы білім беру саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Ұстаздар күніне арналған құттықтау-тілектер, әндер, өлеңдер мен тақпақтарды назарларыңызға ұсынамыз: құрметті ұстаздар!



**Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шыңдай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.**

**Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты,
Білімдік бар биікке шығар саты.
Ең алғаш басталады осы адамнан,
Сүйеді сондықтан жақын, жаты...
Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді,
Сыйлайды міңгі бақи беріп төрін.
(Сәбит Мұқанов)**

**Ұстаз деген – жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген – анасы ол адамның.
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.
Ұстазыңды түсінген сен тереңнен,
Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.
Сол арқылы сен де өмірді жалғадың,
Ізгі іс қой, ұстаз тілін алғаның.
Мақтау алсаң ұстаздардың алдында,
Ол өзіңнің орындалған арманың.
Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиеті бас иелік мәңгілік!**

«Ұстаздық етпес жалықпас үйретуден балаға» - деген ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына сыналай енгізетін тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге өлшеусіз. Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін екен дәндеріңіз ертеңгі жеңісті - жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, үкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.